

ФИЛОЛОГИЯЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР БАҒЫТЫ
НАПРАВЛЕНИЕ ФИЛОЛОГИЧЕСКИХ НАУК
DIRECTION OF PHILOLOGICAL SCIENCES

тақырыптық рубрикалар/тематические рубрики/ subject headings

ТІЛ БІЛІМІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ
ЯЗЫКОЗНАНИЕ И ЛИТЕРАТУРА
LINGUISTICS AND LITERATURE

FTAXP: 16.21.29

<https://orcid.org/0000-0003-3465-7855>

<https://orcid.org/0000-0003-0542-1755>

Данияр Ә.А.,* Ахметова М.К.

8D02305 - «Филология» мамандығының докторанты.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. Астана, Қазақстан
филология ғ.к., профессор м.а.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. Астана, Қазақстан

ҚАЗАҚ ЖАСТАРЫНЫҢ ЭТНОМӘДЕНИ САНАСЫН
ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ИНСТАГРАМ ЖЕЛІСІНІҢ РӨЛІ
(ҚАЗАҚ ТІЛДІ КОНТЕНТ МАТЕРИАЛДАРЫ БОЙЫНША)

***Автор-корреспондент:** ahmediyakyzy.95@gmail.com

Мақала AP23488671 «Қазақ жастарының этномәдени санасының тілдік көріністері»
тақырыбындағы гранттық жобаны орындау барысында жазылды

Түйін: Жаһандану дәуірінде әртүрлі медиа кеңістіктерді қамтитын және қоғам өмірі туралы ақпараттың негізгі көзі болып табылатын және жұртшылықты әлемдік жаңалықтармен хабардар ететін әлеуметтік желілер қарқынды дамып келеді. Атап айтқанда, «Instagram» әлеуметтік желісі жастар ортасының ажырамас бөлігі болып табылады. яғни, бір-бірімен қарым-қатынас жасау, бейне және фото жазбаларды жариялау, ойын-сауық, білім беру, көркемдік, танымдық және аудиовизуалды контенттің басқа да түрлерін қарау, оқу және тыңдау қазіргі заманғы үрдіске айналды. Бұл әлеуметтік желінің жас ұрпақтың ұлттық танымына, сөйлеу тіліне әсер ететіні белгілі. Бұл мақалада қазақ жастарының этномәдени санасына тілдік тұрғыдан инстаграм желісінің қалай әсер ететіні жайлы айтылады. Нақты қандай контенттің этномәдени лексиканы дұрыс қалыптастыруына үлес қоса алатыны қарастырылады.

Кілт сөздер: қазақ тілді аудитория, қазақ жастары, заманауи көзқарас, ұлттық таным, цифрлық мәдениет, медиа тілі, қазақша контент

МРНТИ: 16.21.29

<https://orcid.org/0000-0003-3465-7855>

<https://orcid.org/0000-0003-0542-1755>

Данияр А.А.,* Ахметова М.К.

докторант специальности 8D02305- «Филология».

Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева. Казахстан, Астана
к.филолог.н., и.о. профессора.

Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева. Казахстан, Астана

РОЛЬ СЕТИ ИНСТАГРАМ В ФОРМИРОВАНИИ ЭТНОКУЛЬТУРНОГО
СОЗНАНИЯ КАЗАХСКОЙ МОЛОДЕЖИ
(НА МАТЕРИАЛЕ КАЗАХСКОГО КОНТЕНТА)

*Автор-корреспондент: ahmediyakzy.95@gmail.com

Аннотация: В эпоху глобализации стремительно развиваются социальные сети, которые охватывают различные сферы медиа, являясь основным источником информации о жизни общества и оповещают общественность новостями из мира. В частности, социальная сеть «Instagram» является неотъемлемой частью молодежной среды. То есть современным трендом стало общение друг с другом, публикация видео и фото заметок, просмотр, чтение, просмотр и прослушивание развлекательного, образовательного, художественного, познавательного и др. характера аудиовизуального контента. Известно, что данная сеть влияет на национальное познание молодого поколения, на речь. В этой статье рассказывается о том, как языковая сеть Instagram влияет на этнокультурное сознание казахской молодежи. Также, рассматривается какой именно контент может способствовать правильному формированию этнокультурной лексики.

Ключевые слова: казахоязычная аудитория, казахская молодежь, современный взгляд, национальное познание, цифровая культура, медиа язык, казахский контент.

IRSTI: 16.21.29

<https://orcid.org/0000-0003-3465-7855>

<https://orcid.org/0000-0003-0542-1755>

Daniyar A.A.,* Ahmetova M.K.

doctoral student of the specialty 8D02305 - «Philology»

L.N.Gumilyov Eurasian National University. Astana, Republic of Kazakhstan

candidate of philology, acting professor.

L.N.Gumilyov Eurasian National University. Astana, Republic of Kazakhstan

**THE ROLE OF INSTAGRAM IN THE FORMATION OF ETHNO-CULTURAL
CONSCIOUSNESS OF KAZAKH YOUTH
(BASED ON MATERIALS OF KAZAKH-LANGUAGE CONTENT)**

*Corresponding author: ahmediyakzy.95@gmail.com

Abstract: In the era of globalization, social networks are rapidly developing, which cover various media spaces, and are the main source of information about the life of society and inform the public with news and the world. In particular, the Instagram social network is an integral part of the youth environment. that is, the modern trend has become communication with each other, publishing video and photo notes, viewing, reading, watching and listening to entertainment, educational, artistic, cognitive, and other types of audiovisual content. It is known that this network affects the national cognition of the younger generation, on speech. This article describes how the Instagram language network affects the ethno-cultural consciousness of Kazakh youth. Also, the article discusses what kind of content can contribute to the correct formation of ethnocultural vocabulary.

Keywords: kazakh-speaking audience, kazakh youth, modern view, national knowledge, digital culture, media language, kazakh content.

Kіріспе

Қазақ халқының этномәдени мұрасының тарамдары бүгінгі қоғам жастары үшін әр қырынан танылып жатыр. Яғни өмірдің әртүрлі салаларын қамтиды және дәстүрлерде, әдет-ғұрыптарда, тілде, музыкада, театр, қолөнерде, рәсімдерде, аңыздарда, тарихи оқиғаларда және т.б. сипатталады. Ал осы айтылып отқан этномәдени мұраның жастар санасына әсер етіп, олардың ұлттық таным аясында тілдік деңгейінде көрінуі өте маңызды.

Ұлттық құндылықтарқылы жас ұрпаққа этномәдени сананы дәріптеуге болады. Белгілі ғалым-этнограф, жазушы, әдебиетші Ақселеу Сейдімбектің мынадай пікірі бар: «Игі дәстүр халықтық қалыпқа айналады. Қастерлі рәсімдер, өмір салтымызға мән-мағына дарытып қана қоймайды, сонымен бірге этникалық аңсарымыздың тұтас болуына қызмет

етеді» [1,190]. Демек, ұлттық дәстүрлеріміз рухани және этникалық тұтастықтың сақталуына әсер етеді және даналықтың негізін құрайды.

Бүгінгі кезеңде ғылыми тұрғыдан жастарға қатысты зерттеу жүргізу қоғамдық сананың жай-күйін болжауға мүмкіндік береді, себебі өскелең ұрпақ болашақ ұрпақтың өзін-өзі тануын қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Осыған байланысты біздің талдауымыз үшін жаңа заманда этномәдени санаға айтарлықтай әсер ететін Инстаграм әлеуметтік желісі таңдалды.

Жастардың бірігейлік санасын этномәдени тұрғыда қалыптастыру жөнінде И.С.Сухоруков былай дейді: «Әлеуметтену объектілері мен субъектілері контекстіндегі бірегей әлеуметтік топ бола отырып, жас ұрпақ өзгертін әлеуметтік көңіл-күй мен процестерді өткір түрде қабылдайды және оларға жауап қайтарады, себебі олар әлеуметтік жаңалық ашуларға көбірек бейім боп келеді» [2,57].

Біздің сана түйсігімізде, ең біріншіден, құбылыстарды түсіну, сондай-ақ тәжірибе (зерттеу объектісіне деген көзқарас) сияқты элементтер айқын түрде ажыратылады [3, 36]. Яғни тұлға болып қалыптасып жатқан жастардың санасына әлеуметтік желі өзінің контенті арқылы белгілі бір ақпаратты сіңіреді. Әлеуметтік желі аясында «контент» деп кез келген мәліметті айтуға болады. Мысалға, бейроликтер, фотосурет, сайт құрылымы, аудиожазбалар және т.б. Көп жағдайда контент тіл арқылы өз аудиториясына жағымды/жағымсыз түрде әсер ете алады. Қазіргі кезде ақпараттандыру, танымдық бағыттағы «инстаграм» парақшаларының мақсатты контенті болады.

Ақпараттандыру саласында «Internews Kazakhstan» ұйымының медиа-кеңесшісі А. Еркімбайдың ойынша, Орталық Азиядағы медиа тұтыну және медиа сауаттылық бойынша зерттеу нәтижелері қазіргі уақытта қазақ онлайн-медиа саласында контент иегерлері үшін тамаша мүмкіндіктер ашылуда. «Қазақ тіліндегі сайттардың көпшілігі өз аудиториясын дұрыс зерттемейді. Оқырман нені қалайды, оларға қандай тақырып қызық және нені оқығысы келеді? Егер контент иелері өз аудиториясын «чартбит» сияқты онлайн-платформа қызметі арқылы зерттей білсе, өзінің контенттеріне керемет жол ашар еді», - дейді А.Еркімбай[4]. Бұл пікір бойынша мынадай түйін келтіруге болады: бүгінгі заманауи қазақ тілді контент жүргізетіндер өздерінің нақты аудиториясының сұранысын, қалауын білуі тиіс. Осы кезекте, өз оқырманын жаңашыл дерекпен ақпараттандырып, өз дәуірінің призмасымен тарихты, тілді дәріптеп, қазақ тіллі контентті дамытып жүрген бір топ тұлғалар бар. Олар инстаграм әлеуметтік желісіндегі қазақ тілді пайдалы контент жасау арқылы қазақ жастарының этномәдени санасын қалыптастыруға үлесін тигізіп келеді.

Инстаграмда байланыс және контентті қарау процесінде сөздік қорын кеңейтуге болатыны жөніндегі бір зерттеуде авторлар «әлеуметтік желідегі жазбалардан жаңа лексиканы есте сақтауға деген қызығушылықтың артуы оқулықтағы стандартты суреттерге қарағанда жарқын және қарқынды суреттің болуына байланысты болуы мүмкін деп болжайды. Күлкілі бейнелер мен ашық реңктегі суреттер тілді көбірек біліп, меңгеруге деген ұмтылысты тудырады. Сөздік қорын кеңейту, сонымен қатар фотосуреттермен ғана емес, бейне жарияланымдармен үнемі өзара әрекеттесу, өз кезегінде, тыңдау дағдыларын жақсартуға әкеледі», - дейді[5,4].

Ғылыми зерттеудің мақсаты - инстаграм желісіндегі ұлттық құндылықтарды насихаттайтын, жаңашыл сипаттағы қазақ тілді пайдалы контенттің қазақ жастарының этномәдени санасына тигізер әсері мен оның сөйлеу лексикасына қосар үлесін анықтау, оған келесі міндеттер арқылы қол жеткіземіз:

- «Инстаграм» әлеуметтік желісінде қазақ тілді заманауи контент ұсынатын парақшаларды көрсету;
- ұлттық сипаттағы тақырыбы бар жазбаларды іріктеу;
- бүгінгі жас ұрпақтың этномәдени санасына әсер ете алатын инстаграм бейнежазба

контентінің қызметін түсіндіру;

- лексикалық тұрғыдан қазақ жастарының этномәдени санасын қалыптастыруға көмектесетін ұлттық сипаттағы дәйексөздер, жазба атауларын, қызықты фактілерді қарастыру.

Зерттеу әдістері

Зерттеу жұмысында тәжірибелік бөлім арқылы аталмыш тақырыптың мәнін ашу үшін жүйелеу, контекстік, лексикалық және дискурстық талдау, сондай-ақ пікірлерді қорыту әдістері басшылыққа алынды.

Теориялық талдау

Біздің бұрынғы ұрпақтың этномәдени бірегейлік сипаты қазіргі жас ұрпақтың этномәдени бірегейлігінен айтарлықтай өзгеше, бұл қауымдастық мәдениеттеріндегі жаһандық өзгерістерге байланысты боп келеді [6,94].

Н.Ю.Тразанова мәдениеттің құндылық мазмұнын салт-дәстүрдің семиотикасынан танып біледі және оған қатысты: «бұл таңбалардың бүтін бір қатарын бөліп алып көрсетуге мүмкіндік беретін - рәсімдік таңбалар, оларды таңба-аксиологема деп сипаттауға болады», - дейді. «Аксиологема - жай (сөз, графикалық таңба, пиктограмма, материалдық символ) немесе күрделі (тұрақты тіркес, фразеологизм, бағалауыштық пікір ретіндегі норма-регламентация, норма-бағдар, мақал-мәтел, мәтін) түрде келетін ұжымдық этнотүісікте ұғымдық өрістің құндылықтық-регулятивтік тұрғысын көрсететін константа ретінде, лингвоаксиологиялық талдаудың бірлігі» [7,10].

Сондай-ақ, ғалым аксиологема ұлттық құндылық мазмұнын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізеді және тіл мен мәдениеттің жай және күрделі таңбалары арқылы көрініс табады, жекелеген мәдениеттердің іргелі рухани құндылықтарының маркерлері екенін ашып көрсетеді [7,10]. Бұл бойынша әлеуметтік желіде қазақ тілді контенттің сыртқы сұлбасы тұрғысынан графикалық рәсімделуі және ішкі мазмұндық жағының тілдік құралдар арқылы ұтымды үйлесуі қазіргі жастардың этномәдени санасына тікелей әсер ете алады деп топшылаймыз. Яғни қазақ жастары ұлттық құндылықтар жөнінде әлеуметтік желідегі танымдық контенттен этнотүісік деңгейінде ұғымдық ақпарат алып, қабылдап, оны талқыға салып, пікір білдіре алатын дәрежеде болады.

Ғалым А. Вежицкая этномәдени сипатта таңбаланған лексиканы зерттеудегі ерекшелік жөнінде былай дейді: «әртүрлі тілдердің сөздерінің мағыналары бір-бірімен сәйкес келмейді, олар өмір салтын бейнелейді, жеткізеді және белгілі бір қоғамға тән ойлау тәсіл арқылы мәдениетті түсінудің баға жетпес кілттерін білдіреді» [8,18]. Демек, зерттеуіміздегі жастардың этномәдени санасының, тіл мәдениеттерінің қалыптасуына олардың өмір сүріп жатқан қоғамы белгілі бір дәрежеде әсер етеді.

Қазақ тіл мәдениетінің үлкен саласы - ол сөйлеу мен жазу мәдениеті, оның жоғары деңгейге көтерілуінің негізгі заңдылығына дұрыс айту және қатесіз жазу нормасы жатады. Заманауи технологиялар мен инновациялардың өркендеу дәуірінде әлеуметтік желілердің тіл мәдениетінің дамуына тигізер әсері назардан тыс қалмауы тиіс [9,375].

Нәтижелер мен талқылау

Еліміздің қазақ жастарының этномәдени сана-сезімінде ұлттық кодты атап айтқанда, қазақы дәстүр мен мәдениет, тарих беттерін жаңғырту ана тілі арқылы жүзеге асырылады. Жастардың қызығушылығы бойынша әлеуметтік желілерді пайдаланушылардың қандай тілдегі контенттің таңдауы негізінде оларды екі санатқа жіктеуге болады: қазақ тілді жазылман/оқырмандар және орыс тілді оқырмандар. Яғни қазақ болғанымен, орысша ойлайтындар көп жағдайда орыс тілді контент оқырмандары санатына кіреді. Ал қазақша контентті таңдап, қызығып оқитындарды ана тілінің маңыздылығын түсінетін, я болмаса тілді үйренгісі келіп жүргендер, тілін құрметтейтін, өз халқының тарихы мен болмыс-танымына ашық көзбен қарайтындар құрайды. Бұл зерттеу

мақаласында қазақ тілді контент таңдалынып алынды.

Қазақ жастарының этномәдени санасын қалыптастырудағы қазақ тілді контент негізіндегі Instagram желісінің қызметін анықтауда және талдауда келесі аспектілерді атап өте аламыз:

Этномәдени контексті: қазақ жастарының мәдени ерекшеліктері мен ұлттық идентификациясы, оның тілдік формаларға қалай әсер ететіні.

Тілдік көрінісі сипаты: қазақ жастарының қолданатын тілдік құралдары, сөздік қорлары, жаңа сөздер мен сөз тіркестері.

Әлеуметтік контексті: қазақ жастарының тілдік тәжірибесі мен олардың этномәдени контексті арасындағы байланыс, әлеуметтік және мәдени факторлардың тілге әсері.

Жаңашылдық пен дәстүр жағы: жастардың этнотанымында жаңа үрдістер мен дәстүрлі элементтердің үйлесімі.

Осы аспектілерді жүйелей келе, қазақ тілді пайдалы парақшалар арасынан қазақ жастарына заманауи тұрғыдан ұлттық құндылықтар тақырыбындағы контент ұсынатын екі парақшаны іріктеп алдық. Біріншісі - *журналист, фильмейкер, документалист Әлия Әшімнің парақшасы*, екіншісі - «qazaqgrammar» атты қазақ тілі, тарихы және мәдениеті туралы ғылыми-ағартушылық жоба.

Ең алдымен Әлия Әшімнің мазмұнында аналитикалық ойлау элементтері бар бейнежазбаларын талдайық.



1-сурет. а) «Домалақ ана кім (дұрысында кім болды болу керек)?»
ә) «Құдағи жүзік»; б) «Шежіредегі қыздар» атты бейнежазбалар (reels) [10]

Бірінші суреттегі тақырыптардың мазмұнын талдап өтейік. «Домалақ ана кім?» сұрағын көрген адамның ойына естіп жүрген көреген ана образындағы Домалақ ана түседі. Алайда автор берілген бейнежазбада келесі ұлттық тарихи мәліметтерді ұсынады: Шын есімі - Нұрилә. Ол - Бәйдібек бидің үшінші әйелі, Албан, Суан, Дулаттың анасы. Домалақ ананың арғы атасы Түркістандық Мақтым Ағзам қожа Нұриләға: «сенің сөзіңнің қадірі бар, сен еркінсің, сенің сөзіңді жұрт тыңдауға тиіс» деп өсірген. Бәйдібек бидің үйір жылқысын жау шауып кеткенде, сол жылқыларды қайтара алған Домалақ ана еді және Бәйдібек би екеуінен тараған ұрпақ ұлысбегі болған, ел басқара білген. Сондықтан еркін әйелден еркін бала туады, еркін бала еркін ұрпақ тәрбиелейді.

Әлеуметтік контексті: еркін әйел еркін ұрпақ тәрбиелейді.

Этномәдени контекстінде «қазақ жастарының назарына тарихта болған тұлға туралы дерек ұсыну, мағыналы ой салу» қамтылады.

Тілдік көрінісі бойынша: қожа, арғы ата, би, сөз қадірі ұлысбегі, ұрпақ тәрбиелеу, саналы ұрпақ.

Одан кейінгі «Құдағи жүзік» тақырыбы ұлттық құндылықтың түсінудің маңызын дәріптейді. Ұмыт болған салт-дәстүрдің маңызы жайлы ақпарат беретін сол

бейнежазбаның құрылымы осындай.

Мазмұны бойынша: Құдағи жүзік дегеніміз - қалыңдықтың анасы өз құдағиына сыйлайтын екі екі бірдей саусаққа киілетін қос бауырдақты жүзік. Дәстүріміз бойынша «құдағи жүзікті» үйлену тойынан бір жыл өткен соң, келіннің шешесі күйеу жігіттің анасына тарту еткен. Оның мәні мынада: қызы бір жыл бойы жырақта, анасынан алыста болғандықтан, жаңа ортада өзінің көңіл-күйін кестеге түсіреді екен, бір жылдан кейін туған жұртына келген қыздың анасы сол кестені көріп, бағалап, көңілі толса, құдағи жүзіктікелінін өз қызындай жақсы көріп, сыйлай білген құдағиға сыйлық ретінде тарту еткен. Жүзікті алған құдағи оны мақтанышпен тағып жүреді, бұл - оның қамқор және жауапты ене болып, құрметке лайық екендігінің дәлелі.

Әлеуметтік контекст тұрғысынан «Ұят» сөзінің қазақ қоғамындағы мәні тереңірек екенін аңғарамыз. Оған қоса, «ұят» ұғымының қазір қалыптасып кеткен жағымсыз мәнінде ұрпақтың санасында сақталып кетуін қаламау. «Құдағи жүзік алмаған құдағиға ұят болу керек» түсінігі.

Этномәдени контексті: Қазақ халқы дәстүрінде ежелден келе жатқан, қазір ұмытылып бара жатқан «Құдағи жүзік» деген дәстүр арқылы «ұят» сөзінің әуелгі мағынасын қазіргі өскелең ұрпаққа да, орта буын өкілдеріне де заманауи тұрғыдан түсіндіру.


Ал тілдік көрінісі: құдағи, шеше, қалыңдық, келін, ене, туған жұрты, кесте тігу.

Автордың субъективті ой-түйіні: «қазір біз айтып жүргеннің бәрі - ұяттан емес, надандықтан».

Үшінші *«Шежіредегі қыздар»* тақырыбында жарық көрген бейнежазбаға талдауына көшейік. Видеоның мазмұны: «Қазақ шежіресінде неліктен ер азаматтардың ғана аты жазылған. Ақселеу Сейдімбектің «Қазақтың ауызша тарихында» шежіренің ішінде әйелдердің де болғаны жөнінде айтылыпты. Мәселен, Керейден шыққан «Абақ», Найманның «Мұрыны» және «Алтын», «Кете» сынды рулары да қыз есімдері. «Тарақты» руы да әйелден тараған екен, «Ысты» руы да әйел есімінен шыққан. Қазақ халқында «отчество», «тегі» түсінігі тәрізді орысша айтқанда «матчество» дегені болған сыңайлы. Домалақ ананың қызы Қызай 4 ұлын да өзінің атына жазған екен: Қызайұлы Итемген, Қызайұлы Меңіш, Қызайұлы Бегімбет. Өйткені Қызайдың екі күйеуі де қайтыс болып, төрт ұлының арасында тартыс болмау мақсатында көреген анасы төрт ұлын да өз есіміне жазып, «матчество» жасаған сыңайлы. Жауға аттанарда батырлар әйелдерді де атаған екен. Мысалы, Қаракесектің батырлары жауға шыққанда өз руларының анасы Қарқабаттың есімімен шыққан. Тура сол сияқты, төртуыл ол руының батырлары өздерінің анасы Жолбикенің есімін ұрандып шыққан. Бұның мәні - қазақ тарихындағы «абыройлы ананың, беделді қыздың тұғыры биік» болғандығының дәлелі.

Жазбаның *әлеуметтік контекстінде* қазақ шежіресінде тек ер адамдардың ғана аты жазылмаған туралы айтылады. Ал *этномәдени контексті:* төл тарихыңды, шежіреңді дұрыс тани білу.

Тілдік көрінісі: ру, ұрандату, батыр, ауызша тарих, тұғыры биік болу.



2-сурет. а) «Бешбармақ деген атау ҚАТЕ МЕ?»

ә) «Ең көне Құран табылды» тақырыптарымен берілген бейнежазбалар (reels) [10]

2-суреттегі тақырыптарымен берілген бейнежазбалар да жастар қауымының көбі біле білмейтін ақпарат жеткізеді. Өйткені сөздің төркіні, этимологиясына қатысты деректер кез келген адамға қызық болары анық. Күнделікті өмірімізде естіп те, дәмін татып та жүрген «бешбармақ» сөзінің қалай шыққаны туралы мәліметпен қатар, бейне жазбадағы «ҚР Ұлттық музей» қызметкері бұрында халқымызда тары, бидай үккіш болған келі-келсаптың тарихы жөнінде, татар мен орыс жұртыныңқазақ даласына енуімен кофенің жерімізге қалай келгені және кофені сол заманда кімдер ішкені жайында айтып, сұхбат берушіге XIX-XX ғасырға жататын ағаштан жасалған ыдыс-аяқтарты таныстырады.

Ал «Ең көне Құран» тақырыбымен берілген бейне жазбаның ішкі мазмұны автор арнайы түсірген бейнероликпен үйлеседі. Яғни ең көне Құран кітаптың сыртқы мұқабасы, ішкі беттері мен жазуы жайында, ол кітаптың сирек кітаптар қорында қандай дәрежеде сақтаулы тұрғаны жөнінде құнды тарихи мәліметті бейне роликті көру арқылы таныс боласыз.

Бұл бейнежазбаның *әлеуметтік контексті мынадай*: XII ғасырға тиесілі бұл Құран, қазақ халқымыздың «мұсылманмын» деп айтуға қорыққан кеңес уақытындақараусыз қалған, кейін 1936 жылы Алматы қаласындағы ұлттық кітапханаға түскен (бұрын Пушкин атында болған) екен, содан бері реставрация көрмеген. Бірақ сақталуы тамаша.

Этно мәдени контексті: Қазақ даласында табылған кез келген артефакттың, мұраның және көне жәдігердің кешегі терең тарихтың қайнар көзі болары сөзсіз. Олар пазл тәрізді, яғни ата-бабамыздыңөмір сүрген салты, ділін, дінін түсінуге, өткені жөнінденақты картинаықалыптастыруға мүмкіндік туғызады.


Келесі талданатын - қазақ тілі тақырыбы аясында этномәдени және ұлттық таным мазмұндағы жазбалар арқылы пайдалы ақпарат жеткізетін «*qazaqgrammar*» парақшасы.



3-сурет. а) «Өз наурыз көженді таңда» бірінші нұсқа;
 ә) «Өз наурыз көженді таңда» екінші нұсқа [11]

Берілген паракша ұсынып отырған жазбаны «креолды мәтін» ретінде қарастыра аламыз. Ғалым Е.Е. Анисимова креолды мәтінді ең негізгі лингвовизуалды феномен дей келе, мынадай анықтама береді: «Креолды мәтіндердеп құрылымында вербалды құралдармен қатар, бейвербалды құралдардың (иконические средства) қолданылатын, соған қоса басқа да семиотикалық кодтардың (түс, қаріп т.б.) қолданысы бар мәтіндерді атайды. [12,59]. Бұл жазбада осындай типті 5 сурет жарияланған. Берілген суреттер тізбегі инстаграмда Наурыз мейрамы қарсаңында жарық көрді. *Креолды мәтін* тұрғысынан сыртқы рәсімделуі ұлттық оюмен безендірілген түрлі түсті кесе сипатында көрсетілген. Инстаграмдағы аталмыш жазбаның мазмұндық сипаты сол суреттің өзінен (4-сурет) анық көрінеді. *Прагматикалық қызметі жағынан* оқырман ойша қазіргі заманға сай өз қажеттілігі мен қызығушылығы тұрғысынан ұлттық сусыны бар кесесін толтырады. Суретті көрген оқырманның ойына, әрине, бірінші кезекте наурыз көженің ұлттық дәмі татида. Бұл жерде жазба авторлары оқырмандарға дәстүрлі 7 нәрседен жасалатын наурыз көжені өз қалауың бойынша толтыруға да 7 қажетті ұсыныс тастайды.

Жазбаның әлеуметтік және этномәдени контексті: Қазақ халқы танымындағы «Наурыз көжені» бүгінгі кездегі жастардың сұранысымен байланыстыра алу. Яғни заман талабына сай (ауыспалы мағынада) берілген 7 қажеттіліктен құралған өзіне ұнаған көже түрін таңдау.



4-сурет. «Нағыз қазақ - домбыра?» тақырыбындағы жазба [11]

Берілген сурет тізбек форматындағы жазбада қазақ халқының ұлттық аспабы – «домбыра» сөзінің этимологиясына тоқталады. Суретте көріп отырғанымыздай, қазақ тілінен бөлек *өзбек, ұйғыр, татар мен башқұрт, қарақалпақ, қырғыздар* сияқты түркі халықтарында және парсы тіліндегі «домбыра» сөзінің аталуы көрсетіледі.

Әлеуметтік контекст тұрғысынан «қазақ халқына бұрыннан таныс «нағыз қазақ – домбыра» фразасының мағынасын ашу» ұғындырылады.

Этномәдени контексті: Қазақ ұлттық аспабының басқа халықтарда аталуын беру арқылы домбыраның тілдік сипатын көрсете білу.


Ал тілдік көрінісі: екі ішек, қобыз, бауыр, түбірлес, арғы ата, аспап.



5-сурет. «Сөздің этимологиясы» айдарындағы жазбалар [11]

5-суреттегі тақырыптар да сөздің шығу тарихы және түпкі этимологиясы жайында деректер ұсынады. Бұл жерде де мәтін, әрі сурет қамтылатындықтан креолды мәтін құрылымына сәйкес келеді. «Жалған этимология деген не?» тақырыбындағы жазба қызықты және танымдық мазмұнымен бейнеролик (әуенімен) арқылы берілсе, «Әйел бас киім атаулары қалай пайда болды?» және «Көрпеш сөзі нені білдіреді?» атты жазбалардағы ақпарат фотосурет тізбегі арқылы көрсетілген. Бұл аталған жазбалар тіл тарихына деген қазақ жастарының қызығушылығының артуына көмектеседі.

Талдауымыздағы соңғы 6-суреттегі инстаграм жазбасында халық арасында жастар арасында мүлдем қолданылмайтын немесе өте сирек айтылатын, пассив сөз қатарындағы, ал түрік тілінде (гюзел) өте актив қабаттағы «көзел» сөзінің мағынасын ашып, басқа да түркі халықтары тілінде қалай айтылатыны жайында қызықты мәлімет келтіреді.



6-сурет. «Көзел» сөзінің басқа түркі тілдеріндегі жазылуы мен айтылуы [11]

Жоғарыда ұсынылған қазақ тілді контент авторларының өзге де этнотанымдық сипаттағы рәсімделуі мен ішкі мазмұны маңызды ақпарға толы жазбалары бар. Атап айтқанда, «*Ұлттық спорт түрлері*», «*Қазақ*» газетінің *логотипі*», «*Стақан және Тостаған сөздерінің өзара байланысы*», «*Тілің тасқа*», «*Алаштықтар ағылшын тілін білген бе?*», «*Біз бен мүйіз*» және т.б. Сондай-ақ, екі инстаграм парақшаның қазақша

ұғынықты, мағыналы контент ұсына алатын бүгінгі кезде танымал форматқа айналған - подкаст бейне жазбалары да бар.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, көпшілікке танымал Instagram әлеуметтік желісі қазақ жастарының этномәдени санасын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Аталмыш виртуалды алаң, өзара ақпарат алмасуға ықпал етіп қана қоймайды, сонымен қатар, ұлттық құндылықтардың маңыздылығын көрсетеді, ұрпақтар арасындағы байланысты күшейтуге әсер етеді. Инстаграм әлеуметтік желісінде жастардың қажетті ақпараты тез қабылданады, саралай біліуіне, заманауи тұрғыда білім мен ғылым, тарихи пен мәдени мазмұнында пайдалы қазақша контенттердің артуыда қуанарлық жағдай.

Мазмұндары әр алуан тақырыптарды қамтитын, жаңа форматтағы сипаттағы жазбалар мен әңгіме-сұхбаттардан бастап видеолар мен анимациялық бейнесуреттерге дейін жастар өздерінің ұлттық танымына, сөйлеу лексикасына ықпал ете алады.

Соның ішінде сыртқы құрылымы мен ішкі мазмұны қазақ жастарының этномәдени санасының қалыптасуына ықпал ететін бірнеше парақшалар бар екенін атап өттік. Бұл дегеніміз - саналы, сауатты ұрпақтар қатарының артуына ұлттық құндылыққа баулып, мәдени және тарихи талдау жүргізетіндігі, фильм жасаушы Әлия Әшімнің қазақ халқының тарихында зерттеуді қажет ететін деректерді жаңашыл форматта ұсынатын папарақшасы мен еліміздің мемлекеттік тілі – қазақ тіліміздің маңызын насихаттау жолында қызмет етіп жүрген «qazaqgrammar» атты ағартушылық, танымдық, әрі лингвистикалық жобасы зор септігін тигізеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Сейдімбек А. Қазақ әлемі: этномәдени пайымдау. Алматы. Санат, 1997. 465 б.
2. Жаркынбекова Ш.К., Елюбаева А.А., Смагулова Б.Г. Образ страны в языковом сознании казахстанской молодежи // Тіл және әдебиет: теориясы мен тәжірибесі. Alkey Margulan Pavlodar Pedagogical University, 2024, Т. 3. №2, С. 56-75
3. Zeinesh, M. & Dosmagambetova, Jamila & Aimbetova, U. Revitalization of the national consciousness of youth // Journal of Philosophy, Culture and Political Science. Al-Farabi Kazakh National University, 2023, №1(83), pp. 35-44
4. Аудитория сапалы қазақша контент үшін ақы төлеуге дайын. Қазфорумда тағы қандай пікірлер айтылды? (мақала): <https://informburo.kz/kaz/auditoriya-sapaly-azasha-kontent-shn-ay-tleuge-dayyn-azforumda-tay-ne-aytyldy-.html> (9 тамыз 2024)
5. Agustin R.W. & AyuM. The impact of using Instagram for increasing vocabulary and listening skill. Journal of English Language Teaching and Learning (JELTL), 2021, 2(1), 1-7.
6. Сухоруков И.С. Формирование этнокультурной идентичности детей и молодежи в условиях возрождения русского мира // Берег. 777. Сова, 2016, №2 (29), С. 92-101.
7. Тразанова Н.Ю. Параметризация паремииологии как аксиологического кода лингвокультуры: дисс. к.филол.н. Иркутск, 2012. 256 с.
8. Вежицкая А. Понимание культур через посредство ключевых слов. Москва. Языки славянской культуры (ЯСК), 2001. 288 с.
9. Саткенова Ж.Б., Анесова У.Ф. Әлеуметтік желі тілі мәдениеті // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. Международный научный журнал, 2020, №5/2, Б.374-378
10. Журналист Әлия Әшім парақшасы: (10 тамыз 2024) <https://www.instagram.com/aliyaashim/>
11. «Qazaqgrammar» әлеуметтік-ағартушылық парақшасы: (10 тамыз 2024) <https://www.instagram.com/qazaqgrammar/>
12. Анисимова Е.Е. Лингвистика текста и межкультурная коммуникация. Москва, 2003. 120 с.

Referens list:

1. Sejdimbek A. Kazak alemi: etnomadeni pajymdau. Almaty. Sanat, 1997. 465b.
2. Zharkynbekova Sh.K., Elyubaeva A.A., Smagulova B.G. Obraz strany v yazykovom soznanii kazahstanskoj molodyozhi // Til zhane adebiet: teoriyasy men tazhibesi. Alkey Margulan Pavlodar Pedagogical University, 2024, T. 3. №2, S. 56-75
3. Zeinesh, M. & Dosmagambetova, Jamila & Aimbetova, U. Revitalization of the national consciousness of youth // Journal of Philosophy, Culture and Political Science. Al-Farabi Kazakh National University, 2023, №1(83), pp. 35-44
4. Auditoriya sapaly kazaksha kontent ushin aky toleuge dajyn. Kazforumda tagy kandaj pikirler ajtyldy? (maqala): <https://informburo.kz/kaz/auditoriya-sapaly-azasha-kontent-shn-aytleuge-dayyn-azforumda-tay-ne-aytyldy-.html> (9 tamyz 2024)
5. Agustin R.W. & Ayu M. The impact of using Instagram for increasing vocabulary and listening skill. Journal of English Language Teaching and Learning (JELTL), 2021, 2(1), 1-7.
6. Suhorukov I.S. Formirovanie etnokul'turnoj identichnosti detej i molodezhi v usloviyah vozrozhdeniya russkogo mira // Bereginya.777.Sova, 2016, №2 (29), S. 92-101.
7. Trazanova N. Yu. Parametrizaciya paremiologii kak aksiologicheskogo koda lingvokul'tury: diss. k.filol.n. Irkutsk, 2012. 256 s.
8. Satkenova Zh.B., Anesova U.G. Aleumettik zheli tili madenieti // Kazakstannyn gylmy men omiri. Mezhdunarodnyj nauchnyj zhurnal, 2020, №5/2, B.374-378
9. Vezhbickaya A. Ponimanie kul'tur cherez posredstvo klyuchevyh slov. Moskva. Yazyki slavyanskoj kul'tury (YASK), 2001. 288 s.
10. Zhurnalist Aliya Ashim parakshasy: (10 tamyz 2024) <https://www.instagram.com/aliyaashim/>
11. «Qazaqgrammar» aleumettik-agartushylyk parakshasy. (10 tamyz 2024) <https://www.instagram.com/qazaqgrammar/>
12. Anisimova E.E. Lingvistika teksta i mezhkul'turnaya kommunikaciya. Moskva. 2003. 120

жауапты автор туралы мәлімет (толық аты жөні, жұмыс орны, телефон, электрондық поштасы) Данияр Әлия Ахмедияқызы - Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, филология факультетінің 8D02305 - «Филология» мамандығының докторанты, Астана, Қазақстан, 87026822667, aliya_daniyarova@mail.ru